

**OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 313 (2017), 121 – 124

**B.Abikeyeva**

Eurasia University of Technology, Almaty

## **STRUCTURAL LINGUISTICS' FORMATION**

**Abstract.** In this article told structural linguistic has classical three schools, exactly saying: School in Praga which was leaded by N.S. Trubetskoi and R.Jakobson ( Functional linguistic), L. Yelmslev's (Glossematics) school in Copenhagen's and L. Bloomfield pen Z. Harris's (Descriptive or Distributive linguistics) school in America were comprehensively analyzed. Structural linguistic considers the linguistic as a marking systems which consist of structural elements. In general the term "structural" was brought into business in 1939 by Dutch journalist with his great zest for this. Structural linguistics' distinguished representative - Ferdinand de Saussure's point of view to the mathematical linguistics is exactly the same with Baudouin de Courtenay's opinion. The famous scientist Jordan said researches by Saussure were accurately and truth fully mathematically. Nowadays we have three linguistical schools which are specialized on the structural linguistics. Exactly saying, Prague School, the American School of Ferdinand and the Copenhagen School. These schools are specialized by the way of Saussure. These three schools' works were significant.

**Key words:** concept, analyze, linguistics, method, scheme, linguistical school, structural linguistics, lingual modification.

**Б.Абикеева**

Еуразия технологиялық университеті, ф.г.к., Алматы қаласы,

## **Құрылымдық лингвистиканың қалыптасуы**

**Түйін.** Макалада құрылымдық лингвистиканың классикалық үш мектебі, атап айтқанда, Н.С.Трубенкой мен Р. Якобсон (функционалдық лингвистика) басшылық еткен Прагалық мектеп, Л.Ельмслев (глоссемтика) Копенгаген мектебі, Л.Блумфилд пен З.Харрис (дескриптивті немесе дистрибутивтік лингвистика) аздал басшылық жасаған Америкалық мектептер жан-жакты талданған.

Құрылымдық лингвистика (құрылымдық тіл білімі) – тілді құрылымдық элементтерден тұратын тәнбалық жүйе ретінде қарастыратын бағыт. Жалпы «құрылымдылық» деген термин қолданысқа 1939 жылы голландық тілші Постың қолдануымен енген болатын. Құрылымдық лингвистиканың көрнекіті өкілі – Фердинанд де Соссюрдің математикалық лингвистикага қатысты ойлары Бодуэн де Куртененің көзқарастарымен жанасып жатыр. Белгілі галым Й.Йордан Соссюрдің зерттеулері математикалық тұргыда дәл және дәлелді деген болатын. Қазіргі тіл біліміндегі құрылымдық лингвистиканың үш классикалық мектебі, атап айтқанда, Прага мектебі, Копенгаген мектебі және Америкалық мектеп Фернinand де Соссюрдің ілімін менгерген. Бұл үш мектептің қызметі айтартылғай елеулі болды. Олар фонология теориясын жарыққа шыгарды, морфологияның тарауларын жазды, диахроникалық лингвистикаға реформалар енгізді. Бұл мектептердің лингвистикалық идеялары қазіргі таңда да өзекті және маңызды болып келе жатыр. Макалада құрылымдық лингвистиканың қалыптасуы жан-жакты талданған.

**Тірек сөздер:** ұғым, әдіс, талдау, тіл білімі, жүйе, лингвистикалық мектеп, құрылымдық лингвистика, тіл құбылыстары.

**Кіріспе.** Құрылымдық лингвистика (құрылымдық тіл білімі) – тілді құрылымдық элементтерден тұратын тәнбалық жүйе ретінде қарастыратын бағыт. Жалпы «құрылымдылық» деген термин қолданысқа 1939 жылы голландық тілші Постың қолдануымен енген болатын. Бұл бағыттың біріктіретін принциптер:

- 1) тілді оның кодтық қасиеттеріне сүйене отырып, тәнбалы жүйе ретінде қараяу;
- 2) синхрония мен диахронияны шектеу, ажыратса қараша;
- 3) тілді зерттеу мен сипаттаудың формалдық әдістерін іздестіру.

Құрылымдық лингвистиканың белгілі өкілдері Бодуэн де Куртенә мен Ф. де Соссюр екені мәлім. Бодуэн

де Куртенэ ілімінің негізгі идеясы «тіл анықталған белгілі құрам бөліктөр мен категориялардың кешені», «тіл – үзіліссіз қайталанатын үдеріс», – деген тұжырымдамаға саяды және галым кейінгі еңбектерінде де осы ерекшеліктерге көніл бөлген [1, 116 б.].

**Зерттеудің әдістері.** Бодуэн де Куртенэ 1904 жылы Брокгауз бен Ефрониың «Энциклопедиялық сөздікке» арнап жазған макаласында: «Тіл білімінде мөлшерлік ұғымдар болғандықтан, математиканы, соның ішінде элементар математиканы гана емес, жогары математиканы да білген жақсы болар еді», – дей отырып: «Ұғымда сипаттайтын фактілерді қыска, әрі дәл жеткізу үшін ерекше таңбалар қажет», – деп тұжырымдайды. Галым өз еңбектерінде де шагын белгілер мен формуаларды қажеттілікке орай жиі қолданып отырган [2, 40 б.]. Бодуэн жазба тілі құрылымының ауызекі тілге қарғанда ерекше қасиеттері болатындығына алғаш назар аударған зерттеушінің бірі. Ол тілдің жазбаша және ауызша формаларын қолдануына қарай, грамматикалық парадигманың да өзгеретінін айтқан галым [3, 197 б.].

Құрылымдық лингвистиканың келесі бір көрнекті өкілі – Фердинанд де Соссюр. Оның математикалық лингвистикага қатысты ойлары Бодуэннің көзқарастарымен жаңасып жатыр. Белгілі галым Й.Йордан: «Соссюрден басқа тіл фактілерін терең әрі тұра зерттеген адамды атаудың өзі қын. Оның пайымдаулары негізінен математикалық тұрғыда дәл және дәлелді», – деген пікір айтқан [4, 413 б.].

Жас Соссюрдің (1879) үндіеуропа тілдері бойынша ең алғашқы құрастырган дауысты дыбыстардың жүйесі тіл құбылыстарын құрылымдық тәсілмен салыстырмалы-тарихи зерттеу барысында өз рөлін атқарды. Сонымен бірге Соссюр өзінің «Лингвистиканың жалпы курсы» деп аталатын еңбегінде (1916 ж.) құрылымдылықтың төрт түрлі: ерекшелік, жүйелілік, пішін және қарым-қатынас тұжырымдарын ұсынды және бұл жайт тіл білімінде тұрақты сипаттагы анықтамасына айналды. Галымның «Лингвистиканың дара және шынайы нысаны – тіл», «Тіл – өзіне тән жеке реті бар жүйе», «Тіл пішін, субстанция емес», «Тілдің кез келген жағдайында барлығы қарым-қатынасқа негізделеді», – деген қысқа тұжырымдары да аса құнды [5, 165 б.].

Ф. де Соссюрдің аса зор еңбегі – тілдің көпқырлылық фактісін түсінген зерттеушілердің алғашқысы болып, тілдің бір емес, бірнеше нысандарды бойына жинақтайдынын ұққан ірі галым.

Ф. де Соссюр тілді сыртқы және ішкі лингвистика деп қарастырып, оларды бір-бірінс қарсы қояды. Осының нәтижесінде тіл мен сөйленісті (речь) ажыратып, тілдің жүйелілігі туралы манызды ереже ұсынды. Сөйленіс – дара, сызықтық, физикалық қасиетке ие, ал тіл – барлық тіл ұжымының мүшелеріне міндетті, ол бір-бірімен байланысқан таңбалар жүйесі. Тілге әлеуметтілік, сызықты емес, психологиялық қасиет тән. Тіл – кейбір таңбалар жүйесінің көмегімен хабар алу немесе тарату ережесі.

Ф. де Соссюрдің өзінің тіл мен сөйленіс ілімінің тұрғысынан тіл бірліктері туралы ұғымдарды қайта қарастыра отырып, оларды жаңа екі ұғымға: тіл бірліктері мен сөйленіс бірліктеріне бөледі.

Ф. де Соссюр мен И.А. Бодуэн де Куртенэ ізімен, «дұбыс» деген бөлінбейтін терминнің орнына айқын шектелген екі термин «дұбыс» (сөйленіс бірліктерін) және «фонетиканы» (тіл бірліктерін) қолданды. Бұл тұжырымды кейіннен Ф. де Соссюрдің ізбасарлары да жалғастырды. Сонымен қатар қазіргі лингвистикада фонема, морфема, сөз, синтagma, сөйлемдердің ултісі, тіл бірліктерінің мағынасы және дұбыс (немесе аллофон), алломорфе, глосс (А.И.Смирницкий), сөз тіркестері, сөйлем және тілдің сәйкес тіл бірліктері ретінде қолдануы туралы жіңі айтылады [6, 14-21 бб.; 7, 111-120 бб.; 8, 361-372 бб.].

Ф. де Соссюр тіл мен сөйленіс туралы келесі тұжырымды айтқан болатын: «Тіл мен сөйленіс бір-бірімен тығыз байланысты және өзара бір-бірін туындалады: тіл сөйленіс түсінікті болу үшін қажет және өз ісін аткарғаны керек; өз кезегінде сөйленіс тілді қалыптастыру үшін қажет: тариhi тұрғыдан сөйленіс әрқашанда тілден бүрын болады» [5, 42 б.].

Сонымен қатар галым Ф. де Соссюр тіл бірліктері арасындағы екі түрлі: парадигмалық және синтагмалық қатынас болатындығын көрсете алды. Тіл бірліктерінің осындағы екіге ажыратылуының негізінде оған дейінгі диффузиялық элементтердің әмбебап екі қарама-қарсылық жүйесіне қарсы қойылады [9, 139 б.].

Лингвистиканы этнография және психологиямен интеграциялау барысында тілді таңбалық жүйе деп қарастыру құрылымдық лингвистикага әкелді. Ф. де Соссюрдің кейбір концепция ережелері қазіргі кезде де ықпалды және ол құрылымдылыққа, қолпеген лингвистикалық бағыттарға теориялық негіз болып отыр [10, 116 б.].

**Зерттеу нәтижесі.** Қазір тіл білімі тарихында Ф. де Соссюрдің ілімін менгерген құрылымдық лингвистиканың үш классикалық мектебі белгілі. Олар: Н.С.Трубенкой мен Р.Якобсон (функционалдық лингвистика) басшылық еткен Прага мектебі, Л.Ельмслев (глоссемантика) – Копенгаген мектебі, Л.Блумфилд пен З.Харрис (дескриптивтік немесе дистрибутивтік лингвистика) басшылық жасаған – Америкалық мектеп. Бұл құрылымдық лингвистиканың үш мектебінің де қызметі айтарлықтай елеулі болды. Олар фонология теориясын жарыққа шыгарды, морфологияның тарауларын жазды, диахроникалық лингвистикага реформалар енгізді [11, 36 б.].

Прага лингвистикалық мектебі – қазіргі құрылымдық бағыттардың бірі. Прага мектебіндегі орыс өкілдері Н.С.Трубенкой, Р.О.Якобсон және С.И.Карчевскийдің көзқарастарында Л.В.Шерба мен Ф.де

Соссюрдің әсері байқалады. Прагалық лингвистикалық үйірме өз мушелерінің теориялық көзкарастары, жалпы тіл білімінің мәселелеріне деген қызығушылықтарын жинақтап, «Прага лингвистикалық үйірмесінің тезистерінде» баяндаған. Прагалық құрылымдық мектептің негізгі ережелері төмендегіндей:

1. Тіл білімі – тілдің таңбалық сипаттына негізделіп жасалған дербес ғылым.
2. Тіл – жүйе. Жүйе ұғымын прагалықтар тіл фактілерінің әркайсысына қарсы қоя отырып, жеке (жүйесіз) қарауга ұмтылды [2, 188 б.].

Прагалықтардың тілді функционалдық жүйе деп тануы жемісті болды, олар теориялық фонологияның өмірге келуіне жол ашты. Прагалықтардың ұстанымы бойынша, тілдік жүйе элементтерін қамтитын функция тұрғысынан синхрондық шолу жасау тілдің даму ұғымын жоққа шыгармайды [4, 193 б.].

1931 жылы Прага лингвистикалық үйірмесінен кейін Копенгаген лингвистикалық үйірмесі рәсімделді. Құрылымдық лингвистиканың даниялық галымдары құрган Копенгаген мектебі – глоссемантика деп аталды.

Глоссемантика Ф. де Соссюрдің лингвистикалық концепциясының негізінде қалыптасты. Фалымдар оны былайша дәлелдейді:

- Глоссемантикер Соссюрден тіл таңбалар теориясын басшылыққа алып, таңбалар қарым-қатынасының маныздылығын баса айтады.
- Глоссемантикер логикалық позитивизмнен (Р. Карнан) құрылым туралы теорияны «форманың таза қарым-қатынасы» ретінде кабылдайды.
- Глоссемантикер Гуссердің фонемологиясына сүйенеді. Бұл багыт тілді әмбебап желі ретінде ұғынуға себепші болды [10, 147 б.].

Глоссемантикердің ұтымды жақтары теорияның көшбастаушысы болуында және нақты тіл құрылымдарын талдап қорытуында. Глоссемантика тіл білімін таңбалар логикасымен және семиотикамен синтездеудің жолын көрсете білді.

Осы мектептің көрнекті өкілі Л. Ельмслевтің глоссемантика бағытын баяндаған «Тіл теориясындағы пролегомен» деген негізгі жұмысы 1943 ж. шықты [10, 145 б.]. Л. Ельмслев Соссюрдегі «тіл» терминінің мағынасын талдап, оның кем дегендеге үш түрлі түсінікті қамтитынын айтқан болатын. Атап айтқанда, тілдің желісін; тілдің пішінін; тілдің узусын көрсетті. Ол Соссюрдің «тіл» терминіне байланысты көрсеткен үш өлшемнен басқа жеке акт ұғымын енгізді. Бұл да Соссюрдің «сөйлеінсіне» сәйкес келеді.

Ф. де Соссюрдің ілімін менгерген құрылымдық лингвистиканың үш классикалық мектебінің тагы бірі – американалық мектеп. Америкалық құрылымдық (дескриптивтік) лингвистика – құрылымдық-лингвистиканың, глоссемантиканың және прагалық лингвистикалық мектептің жалпы ағымына жататын XX г. 30-50-жылдары қалыптасқан американалық тіл білімінің бір багыты. Өзінің зерттеу әдісіне сәйкес дескриптивтік (дескриптивтік – ағылшын. descriptive – бейнелеу) деп аталған бұл мектептің бағытын «сипаттама лингвистика» деп те атауга болады. Еуропаның құрылымдық лингвистика мектептерімен салыстырғанда, дескриптивтік лингвистиканың тарихи-әлеуметтік, философиялық, тілдің даму жағдайын зерттеуге байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл багытқа прагматизм, ягни таза ғылыми мұддені практикамен байланыстыру, позитивизм және бихевиоризм (тіл – адамның жүріс-тұрысының көрінісі болып табылады) теорияларын қолдау тән. Дескриптивтік лингвистика Америка үндістерінің тілдерін сипаттау қажеттілігінен туындалы. Ол тілдер типологиялық және салыстырмалы-тарихи тұрғыдан осыдан бұрын зерттелмеген еді.

Америкалық тіл білімінің кейбір салалары 50-жылдары мәтінді автоматты түрде аудару мақсатында дамыды және бұган тілді формалды тұрғыда талдау негіз болды [12, 251 б.].

Сонымен, бұл мектептің негізін қалаушы АҚШ-тың көрнекті этнографы және тіл білімін зерттеуші Франц Боас (1858 – 1942) еді. Америка үндістерінің тілінде жазба ескерткіштер мен басқа тілдерде орын алатын категориялар болмауынан, Ф. Боас тілді шынайы, сыртқы, формалды белгілеріне сүйеніп сипаттауды дұрыс деп санады [10, 153 б.]. Боастың бастамасын Сепир мен Блумфилд екі түрлі багытта әрі қарай жалғастырды [13, 31 б.].

**Қорытынды.** Бодуэн де Куртенэңің негізгі идеясы «тіл анықталған белгілі құрам беліктер мен категориялардың кешені....тіл – үзіліссіз кайталанатын үдеріс», – деген тұжырымдамасы, екінші идеясы – фонемалар теориясы және «Фылымда сипаттайтын фактін қыска, дәл айту үшін ерекше таңбалар қажет» – деген ойы лингвистиканың дамуына қозғау салды. Ал Ф. де Соссюр тілдің көп қырлылық фактісін түсінді. Фалым сыртқы лингвистика мен ішкі лингвистиканы бір-біріне қарсы қойды. Ф. де Соссюр тіл бірліктері арасындағы екі түрлі: парадигмалық және синтагмалық қатынас болатынын көрсетті. Оның белгілеген төрт ерекесі: ерекшелік, жүйелілік, пішін және қарым-қатынас тіл білімінде қагида ретінде сакталды. Жалпы тілдік бірліктерді (сөз, сөз тіркестері, сөйлемдер, толық мәтін және т.б.) модельдеу, сондай ақ тіл құбылыстарын құрылымдық тәсілмен салыстырмалы-тарихи зерттеу арқылы теориясын қалыптастыруда шетелдік ғалымдар ерекше еңбек сінірген [14-20]. Жогарыда айтылған мектептердің лингвистикалық идеялары қазіргі таңда да өзекті және манызды болып келе жатыр.

## ӘДЕБІЕТ

- [1] Леонтьев А.А. Общелингвистические взгляды И.А. Бодуэна де Куртенэ (к 30-летию со дня смерти) // Вопросы языкоznания. – 1959. – №6. – С. 15-20.
- [2] Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкоznанию. – М.: Академия наук, 1963. – Т. I. – 384 с.
- [3] Лоя Я.В. История лингвистических учений (материалы к курсу лекций) – М.: Высшая школа, 1968. – 308 с.
- [4] Йордан Й. Романсое языкоznание. Историческое развитие, течения, методы. – М.: – 1971. – 334 с.
- [5] Соссюр Ф. де «Курс общей лингвистики» под. редакцией и с примечаниями Шор Р.И. – М.: УРСС, 2004. – 272 с.
- [6] Гардинер А. Различие между «речью» и «языком» // в кн. В.А. Звегинцева, История языкоznания XIX-XX веков в очерках и извлечениях. – М.: Просвещение, 1965. – Ч. II. –Изд. 3. –495 с.
- [7] Ельмслев Л. Язык и речь в кн. В.А. Звегинцева, История языкоznания XIX-XX веков в очерках и извлечениях. – М.: Просвещение. –Ч. II. –Изд. 3. –1965. –495с.
- [8] Щерба Л.Б. О троеком аспекте языковых явлений и об экспериментах в языкоznании в кн. В.А. Звегинцева. История языкоznания XIX-XX веков в очерках и извлечениях. – М.: Просвещение, 1965. – Ч. II. –Изд. 3. –495 с.
- [9] Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов – М.: Советская энциклопедия, 1975. – 456 с.
- [10] Кондратов Н.А. История лингвистических учений – М.: Просвещение, 1979. –223 с.
- [11] Апресян Ю.Д. Идеи и методы современной структурной лингвистики. – М.: Просвещение, 1966. –302 с.
- [12] Березин Ф.М. История лингвистических учений – М.: Просвещение, 1980. –228 с.
- [13] Сепир Э. Избранные труды по языкоznанию и культурологии. Язык. Введение в изучение речи. Перевод А.М. Сухотина (исправленный и дополненный А.Е. Кибриком) – М.: Прогресс, 1993. –655 с.
- [14] Чжао Юань-жень. Модели в лингвистике и модели вообще // в сб.: Матем. Логика и его применения, пер. с анг. – М., 1965. –С. 12
- [15] Hockett C. F. Two models of grammatical description, Word, 10(1954), №2-3. – С. 10-234.
- [16] Хомский Н. Три модели описания языка // Кибернетический Сборник. Вып.2, ИЛ, – М.– 1961. – С. 237-266.
- [17] Hallé M., Stevens K.N., Analysis by synthesis, Proceedings of the Seminar of Speech Transmission and Processing, Des., 1959. AFCRC-JR 59-198, Vol. II, Paper D-7.
- [18] Шрейдер Ю.А., Шаров А.А. Системы и модели. – М., 1982. –232 с.
- [19] Бакунин А.В., Коверинн А.А. Система условных обозначений и индексации для дистрибутивно-статистического описание языковых структур // Дистрибутивно-статистическое описание текста. – Иркутск. 1973. – 86 с.
- [20] Черемисина М. О теоретических вопросах модельного описания предложений // Предложение в языках Сибири (Сборник научных трудов). Новосибирск.– 1989. – С. 3-18.– 156 с.

УДК 811.512.122<sup>1</sup>

**Б.Абикеева**

Евразийский технологический университет, к. ф. н., г. Алматы

## ФОРМИРОВАНИЕ СТРУКТУРНОЙ ЛИНГВИСТИКИ

**Аннотация.** В статье рассматриваются три классические школы структурной лингвистики, в частности школа, находящаяся в Праге, которой руководили Н.С. Трубецкой и Р. Якобсон (функциональная лингвистика), Копенгагенская школа, которой управлял Л. Ельмслев (глоссемантика), и школа находящаяся в Америке, которой управляли Л. Блумфилд и З. Харрис (дескриптивная или же дистрибутивная лингвистика). Структурная лингвистика рассматривает языковедение как маркированную систему, которая состоит из структурных элементов. В общем термин “структурная” впервые был использован в 1939 году голландским журналистом Постом. Выдающийся представитель структурной лингвистики - Фердинанд де Соссюр. Его идеи про математическую лингвистику были одинаковыми со взглядом Бодуэна де Куртене. Известный ученый Й. Йордан говорил, что исследования Соссюра точные и правдивые с математической точки зрения. Сейчас есть три школы, специализирующиеся в структурной лингвистике, в частности Пражская, Американская, Копенгагенская. Они все обучались по программе Фердинанда де Соссюра. Большая работа, проделанная этими школами, имеет неоценимое значение. Они выпустили теорию фонологий, разделы морфологии, внесли реформу в диахронической лингвистике.

**Ключевые слова:** понятие, анализ, языковедение, метод, система, лингвистическая школа, структурная лингвистика, языковые явления.